



Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Психология және педагогика кафедрасы

**5В050300 - «Психология» мамандығының студенттеріне арналған
«Жалпы психология» пәні бойынша**

ПӘН БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

Павлодар, 2013 ж.

Пән бағдарламасын (Syllabus)
бекіту парағы



Нысан
Н ҰС ПМУ 7.18.4/19

БЕКІТЕМІН

ГПФ деканы

_____ Сарбалаев Ж.Т.

(қолы)

«___» _____ 20__ ж.

Құрастырушы: _____ аға оқытушы Жунусова А.Р.

5B050300 - «Психология» мамандығының күндізгі оқу нысанының
студенттеріне арналған

««Жалпы психология»» пәні бойынша

Пән бағдарламасы (Syllabus)

Бағдарлама 20__ ж. «___» _____ бекітілген жұмыс оқу
бағдарламасының негізінде әзірленді.

Кафедра отырысында ұсынылды 20__ ж. «___» _____ №_____ Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Бурдина Е.И. 20__ ж. «___» _____

Гуманитарлық-педагогикалық факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен
мақұлданды 20__ ж. «___» _____ №_____ Хаттама

ОӘК төрағасы _____ Ксембаева С.К. 20__ ж. «___» _____

1. Пән паспорты

Пәннің атауы «Жалпы психология»

Компоненттің міндетті пәні

Оқу мерзімі мен кредит саны

Барлығы – 3 кредит

Курс: 1

Семестр: 1

Барлық аудиторлық сабақтары – 45

Дәрістер: 30

Практикалық/семинарлық сабақтар: 15

СӨЖ: 90

СӨЖО: 22,5

Жалпы – 135

Бақылау нысаны

Қортынды бақылау нысаны: Емтихан– 1 семестр

Пререквизиттер

Осы пәнді меңгеру үшін төмендегі пәндерді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және дағды-машықтар қажет: жалпы және салыстырмалы психологияға кіріспе

Постреквизиттер

Пәнді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және дағды-машықтар келесі пәндерді меңгеруі үшін қажет: Жас ерекшелік және әлеуметтік психологиясы.

2. Оқытушы туралы мәлімет және байланысу ақпараттары

Аты-жөні: Жунусова Айгуль Райымбековна

Ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі: аға оқытушы, психология магистрі

Кафедра «Психология және педагогика», аудитория 149

телефон: 67-36-85 (1139),

E-mail: nessen.za@mail.ru

3. Пән, мақсаттары мен міндеттері

Пәні, мақсаттары мен міндеттері

Жалпы психология - өзінің даму тарихы, пәні мен зерттеу әдістері бар психологиялық ғылымдардың негізгі салаларының бірі.

Жалпы психология' антикалық кезңнен бастау алып, философия аясында психологиялық зерттеулердің облысы ретінде қалыптасты. XX ғасырда дербес ғылым ретінде қалыптаса бастады және 1879 жылы Лейпциг қаласында дүние жүзінде бірінші рет психологиялық лаборатория ашылды, онда эксперимент әдісі қолданылып өзіндік жеке мәртебеге ие болды. Әлі күнге дейін жалпы психологияның пәні туралы жалпы қабылданған түсініктер қалыптаспаған.

Пәнді оқу мақсаты: жалпы психология курсына алғап білімдері мен зерттеу дағдылары негізінде студенттерді психологиялық ойлауын дамыту.

Пәннің міндеттері:

- оқытылған психологиялық құбылыстардың заңдылықтары негізінде психологияның әр салалары бойынша студенттерде білімдерді жүйелендіру;
- әртүрлі психологиялық фактілер мен теорияларды жүйелі-психологиялық талдау процесінде студенттерде танымдық дағдылар мен ептіліктерді дамыту;
- дүние жүзілік және отандық психология ғылымдарының негізгі принциптерімен, бағыттарымен және идеяларымен таныстыру.

4. Білім, біліктілікке және құзыреттілікке қойылатын талаптар:

Пәні, мақсаттары мен міндеттері

Жалпы психология - өзінің даму тарихы, пәні мен зерттеу әдістері бар психологиялық ғылымдардың негізгі салаларының бірі.

Жалпы психология' антикалық кезңнен бастау алып, философия аясында психологиялық зерттеулердің облысы ретінде қалыптасты. XX ғасырда дербес ғылым ретінде қалыптаса бастады және 1879 жылы Лейпциг қаласында дүние жүзінде бірінші рет психологиялық лаборатория ашылды, онда эксперимент әдісі қолданылып өзіндік жеке мәртебеге ие болды. Әлі күнге дейін жалпы психологияның пәні туралы жалпы қабылданған түсініктер қалыптаспаған.

Пәнді оқу мақсаты: жалпы психология курсына алғап білімдері мен зерттеу дағдылары негізінде студенттерді психологиялық ойлауын дамыту.

Пәннің міндеттері:

- оқытылған психологиялық құбылыстардың заңдылықтары негізінде психологияның әр салалары бойынша студенттерде білімдерді жүйелендіру;
- әртүрлі психологиялық фактілер мен теорияларды жүйелі-психологиялық талдау процесінде студенттерде танымдық дағдылар мен ептіліктерді дамыту;
- дүние жүзілік және отандық психология ғылымдарының негізгі принциптерімен, бағыттарымен және идеяларымен таныстыру.

5 Пәнді оқытудағы тақырыптық жоспар

Сабақ түрлері бойынша академиялық сағаттарды бөлу

№	Тақырыптардың атауы	Сабақ түрлері бойынша аудиторлық сағаттар саны		
		дәрістер	тәжірибе	жеке даралық
1	2	3	4	5
1	Психологиялық ғылымдар және практиканың пәні мен міндеттер	2	1	6
2	Психомоторика жайлы түсінік. Әрекеттің қимыл құрамы	2	1	6
3	Психиканың пайда болуы және эволюциясы	2	1	6
4	Ес психологиясының негізгі заңдылықтары	2	1	6
5	Естің когнитивті психологиясы	2	1	6
6	Зейін теориясы және оның физиологиялық механизмдері	2	1	6

7	Қабілет және дарындылық психологиясы	2	1	6
8	Темперамент және мінез	2	1	6
9	Жеке адамның эмоциялық еріктік сферасы. Эмоциялар	2	1	6
10	Сезімдер түрлері	2	1	6
11	Мотивация психологиясы.	2	1	6
12	Ерік психологиясы.	2	1	6
13	Жеке адамның психологиялық құрылымы	2	1	6
14	XX ғасырдағы психологияның негізгі бағыттар.	2	1	6
15	Тұлғаның психологиялық қорғанысы. Тұлға дамуының қозғаушы күштері мен қайнар көздері	2	1	6
	Барлығы: 135	30	15	90

6. Дәріс сабақтарының мазмұны

1 тақырып. Психологиялық ғылымдар және практиканың пәні мен міндеттер.

Жоспар

1. Жалпы психологияның әдіснамалық қызметтері.

2. Психологияның принциптері: бейнелеу, субъект (антропологиялық), даму, сана мен іс-әрекеттің бірлігі, психикал; құбылыстардың жүйелік детерминациясы.

Психология - психикалық құбылыстардың (жан қуаттарының) пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттар мен құбылыстарының мидағы әр түрлі бейнелері болып табылады. Олар (түйсік, елес, ой, сезім, тілек қабілет, қызығу, мінез, әдет т.б) көпшілігімізге өз тәжірибиемізден жақсы мәлім, тілімізде жиі кездесетін ұғымдар. Бір қарағанда бұлардың мәнін әрқайсымыз тез ажырататын да, білетін сияқтымыз. Бірақ психикалық құбылыстардың мәнін ғылыми тұрғыдан түсіну арқылы ғана жан-жақты ажыратуға болады. Гректің екі сөзінен тұрады: оның біріншісі – “псюхе” (жан), екінші – “логос” (сөз, ілім). Сөйтіп, бұл сөз “жан туралы ілім” деген ұғымды білдіреді.

Ерте замандарда пайда болып, ғасырлар бойы соқыр сенім нанымдар мен кейбір зиялылардың көз қарастарында насихатталып келген түсініктер бойынша адамзат тәннен тәуелсіз “жан” болады, мәңгі бақи жасайтын жан адамның барлық психикалық тіршілігінің (ойының, сезімінің, еркінің) иесі де себепшісі де. Жан туралы осындай жалған түсініктің пайда болуына алғашқы адамдардың табиғат сырларын дұрыс түсіне алмауы себеп болды.

Олар дүниеде табиғатқа бағынбайтын одан оқшау тұратын ерекше бір сиқырлы күш бар, ал жан болатын болса соның бір көрінісі, ұйқы кезінде ол денеден уақытша шығып кетеді де адам оянған кезде қайтып келеді, егер келмей қалса, адам өледі деп тұжырымдады. Жан туралы осы тектес қарапайым түсініктердің пайда болуы адамдардың өздерінің дене құрылысы жайында ғылыми түсінігі жоқ кездерде

яғни жан мен тәннің толысуы бір-бірімен байланысын дұрыс ажырата-алмай жан өлгеннен кейін денеден шығып кететіні, мәңгі бақи өмір сүретін нәрсе деп ұғынудың нәтижесі еді.

Жан туралы ғылыми түсінік ежелгі гректердің әмбебап ғалымы Аристотель есімімен байланысты. Екі жарым мың жылға созылған осынау кезеңде психология басқа ғылымдармен (философия, медицина, әдебиет, жаратылыстану, т.б) аралас дамып келді.

XIX-ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ғалымдар жан құбылыстарын (түйсік, ес, ойлау, қиял, т.б) тәжірибие жүзінде әртүрлі құрал-жабдық аспаптардың

көмегімен зерттей бастады. Осы кезден бастап психология өз алдына дербес отау тігіп, тәжірибиелік ғылым ретінде дамыды. Ғылымның осы саласына экспериментті тұңғыш енгізген неміс ғұламасы В. Вундт болды.

Психикалық әрекетті ғалымдар бейнелеу теориясы негізінде түсіндіреді.

Осы қисынның іргетасы Әл-Фараби еңбектерінде алғаш сөз болған. Әл-Фараби “Философиялық трактаттар”. Алматы ғылым 1973, 301-бет. Бұл теория бойынша сыртқы дүние біздің сезімде, мида, түйсік, қабылдау, елестеу, ой-сезім түрінде бейнеленеді. Бұлардың бәрін бір сөзбен адамның санасы немесе психикасы деп атайды.

Неорганикалық материяның (өлі табиғат) өзінде де түрлі нәрселер сәулеленеді. Мәселен, заттың айнадағы сәулесінен біз оның суретін көреміз, ал егер затты алып кетсек оның суретінің де айна бетінен жоғалып кететіні мәлім. Психикалық бейне де осы іспеттес яғни сыртқы орта әсер етпейінше мида еш қандай психикалық құбылыс пайда болмайды. Айна бетіндегі бейнеде адам миындағы бейнеде “бейнелену” деген бір сөзбен аталғанымен бұл екеуінің арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Айна бетіндегі сәуле “жансыз” сәуле болып табылады. Ал адам миындағы пайда болатын бейнелеу процесінің айна бетіндегі сәуледен бір ерекшелігі соңғы бейне өте күрделі, ол жүйке процестерінің жұмысынан туады. Мидағы бейненің екінші бір ерекшелігі – сөздің жәрдемімен бейнеленуі. Бейнеленудің осы бір түрі ұзақ уақыттық тарихи дамудың нәтижесінде адамдардың еңбек ету қызметінің негізінде пайда болған.

Тақырып 2. Психомоторика жайлы түсінік. Әрекеттің қимыл құрамы.

Жоспар

1. Қимыл міндетгері, әрекетті орындау бағдарламасы; әрекетті үнемі коррекциялау; афферентті жүйенің ролі және күрделі қимыл актілерін реттеудегі кері сигнализация (Н.А. Бернштейн).

Жүйке жүйесі организмнің сыртқы ортамен байланысын жүзеге асырып отырады, айналадан келген тітіркендіргіштерге жауап қайтарылады.

Жүйке жүйесі нейрон – деп аталатын жеке клеткалардан құралған. Бұл нейрондардың екі түрлі тармағы болады олардың бірі ұзын тармақты нейрит (оксан), ал екіншісі – көптеген қысқа тармақты дендрит деп аталады. Нейрондардың тарамдала келіп, өзара түйінделіп келіп бітетін жерін жүйке орталықтары дейді. Жүйке орталықтарына орталық перифериялық (шеткі) вегетативтік (ішкі) жүйке жүйелерінің өн бойына орналасқан.

Орталық жүйке жүйесіне жұлын мен ми жатады.

Орталық жүйке жүйесінің бөліктерінің орналасуы көп қатарлы үйдің құрылысына ұқсас, олар бірінің үстіне бірі орналаса біткен. Осы бөліктердің жоғарғысы төменгісінен құрылысы жөнінде, атқаратын қызметі жөнінде де күрделірек болады. Орталық жүйке жүйесінің төменгі бөлігі – жұлын (жуандығы 1 см) омыртқа қуысының ішінде орналасқан, оның ұзындығы орта есеппен 45 см-ге дейін жетеді. Жұлынның ішкі жағында сұр зат орналасқан мұның көлденең кесіндісі көбелектің пішініне ұқсас болып келеді.

Жұлыннан жан – жаққа 31 жұп жүйке талшықтары тарайды.

Жұлын біздің қарапайым қозғалыстарымыздың (аяқ – қолды бүгу, керіп – созу т.б.). жұмысын басқаратын орталық болып табылады.

Мыс: Жаңа туған нәрестенің емуге әрекеттенуі. Бұл жұлынның шартсыз рефлекстері, олар организмдерге туысынан тән.

Орталық жүйке жүйесінің екінші бөлігі ми. Оның орташа салмағы ересек адамдарда 1400 грамдай.

Мұндағы сопақша, аралық және ортаңғы ми – бәрі қосылып келіп ми бағанасын құрайды.

Сопақша ми – жұлынның тікелей жалғасы. Мұнда жүрек қызметінің, қан айналысы мен ас қорытудың жүйке орталықтары бар. Біздің дем алу, түшкіру, шайнау, жұтыну т.б. сияқты түрлі реакцияларымыз сопақша мидың қызметі.

Сопақша мидың сырт жағында, ағаш жапырағына ұқсас мишық орналасқан. Мишық организмнің қозғалысын, жүріс – тұрысын басқарып отырады.

Орталық мида – құлақ пен көзден баратын тітіркендіргіштерді, скелет еттерінің қалпын реттейтін жүйке орталығы бар.

Аралық ми – көру төмпешіктерінен және төмпешік асты аймағынан тұрады. Бұл бөлім дененің барлық рецепторларын ми қабығымен байланысады.

Ми сыңарлары – екі бөліктен (оң және сол жақ) тұрады. Ми сыңарларының салмағы мидың жалпы салмағының 80% тең.

Мұның ішінде ақ зат, сыртында сұр зат бар. Сұр зат ми қабығы – деп аталады. Ол қалыңдығы 3-4мм бірнеше қабаттардан тұрады.

Ми қабығы 4бөлімге бөлінеді . Олар: Маңдай, самай, төбе, желке. Ми қабығы бірыңғай тұтас мүше, ол бейне қабылдағыш аспап тәрізді, көптеген анализаторлық ядросынан тұрады. Мида көру, есту, тері, иіс, дәм, қозғалыс т.б. анализаторлық жүйке орталықтары бар.

Тақырып 3. Психиканың пайда болуы және эволюциясы.

Жоспар

1. Психология тарихындағы психиканың критерияларын іздеу.
2. Психикадағы субъективті және объективті критериялар.
3. Сезгіштік түсінігі психиканың қарапайым формасы ретінде.
4. Іс-әрекет пен психиканың даму сатылары.

И.П. Павлов шартты рефлексдердің табиғатын зерттеу үстінде тежелулердің бірнеше түрін анықтады. Ол ең алдымен тежелуді сыртқы – шартсыз(яғни, туғаннан пайда болатын) және ішкі – шартты(өмірде жасалып отыратын) деп екі үлкен топқа бөлді. Сыртқы тежелудің өзі бірнеше топқа бөлінеді. Соның бірі – жай тежелу.

Мидың шаршаған кезінде пайда болып, оны апаттан сақтап қалатын тежелудің осындай түрін кейде қорғаныс тежелуі деп те атайды. Ішкі тежелудің де бірнеше түрі бар. Солардың бірі сөне тежелу. Ішкі тежелудің бір түрі – ажырату (дифференциалық) тежелуі. Бұл организмнің түрлі заттар мен құбылыстардың арасындағы ұқсастықтарды айыра білу қабілетін көрсетеді. Ішкі тежелу сондай ақ кешігу, ұйқы тежелуі болып та тармақталады.

И.П. Павлов ми қабығының негізгі жұмысы анализдік(талдау) және синтездік (жинақтау) қызметтен тұратындығын және бұл миды зерттеудің басты принциптерінің бірі екендігін көрсетіп береді. Мидың анализдік қызметі түрлі тітіркендіргіштердің жеке бөліктерін айыруда, осы жеке тітіркендіргіштерге шартты рефлексдер жасауда көрініп отырады. Ал мидың синтездік қызметі жеке тітіркендіргіштерді біріктіруден, яғни ми қабығында уақытша байланыстардың жасалуынан көрінеді.

Екінші сигнал жүйесі жануарлар дүниесінде болмайды. Жануарларда бірен – саран дыбыс реакциялары бар, бірақ бұл дыбыстарда ешқандай мағына жоқ, ол жай биологиялық қажеттің хабары ретінде шығып отырады. Сөйтіп, жануарлар тіршілігі үшін бірінші сигнал жүйесі бірден – бір жүйе болып табылады. Екінші сигнал жүйесі адамдарға ғана тән. Бірақ адамдар мен жануарлардың сигнал жүйелерінің арасында сапалық айырмашылық бар. Егер адамдардың бірінші сигнал жүйесінің жүйкелік байланыстары қоғамдық қатынастарды бейнелейтін болса, жануарлар дүниесінде бұл биологиялық сипатта болады.

И.П. Павлов адамдардың сигнал жүйелері бір – бірімен үнемі тығыз байланысты, екінші сигнал жүйесі адамның тарихи даму процесінде туған және бұл бірінші сигнал қызметін реттеп, бақылап отырады деп тұжырымдады.

Белгілі тітіркендіргіштерді бірқалыпты ұзақ уақыт қайталай берсе, ми қабығында қозу мен тежелудің тұрақты, бір ізге салынған жүйелері пайда болады. Соның нәтижесінде рефлексдердің бекіген жүйесін қайта жаңғыртып отыру, көп күш жұмсалуды қажет етпейді де. Мәселен, егер итте күрделі тітіркендіргіштердің жиынтығынан бірнеше рефлексдер туғызылса,(қоңырау, жа – рық, метроном т.б.) және олар белгілі тәртіп бойынша жеткілікті түрде қайталанса, кейін осы тітіркендіргіштердің біреуімен ғана әсер етсе болды, ит бұрынғы жауап рефлексінің бүкіл жүйесін өзгертпей, түгелімен қайта жаңғыртып шығады.

Осы секілді үнемі қайталанып отыратын тітіркендіргіштерге организмнің төселуін, соның нәтижесінде ми қабығында қозу мен тежелу жүйесінің жасалуын И.П. Павлов динамикалық стереотип деп атаған.

Сыртқы ортаның мида бейнелеуін психика дейміз. Психика дегеніміз-өзінің даму сатысында жоғарғы дәрежеге жеткен материяның сипаты.

Материяның 10 000 000 (млн.) жылдарға созылған революциялық дамуының нәтижесінде органикалық материя яғни тіршілік пайда болады.

Психика органикалық материяны барлығында бірдей бола бермейді, ол өсімдіктер дүниесінде жоқ, тіпті тірі организмдердің төменгі формаларынан да оны табу қиын.

Психика тек жоғарғы жанды материяның ғана қасиеті.

Тірі материяның төменгі түрлеріне тітіркенушілік (сыртқы әсерлерге жауап бере алушылық), ал оның жоғарғы түрлеріне – сезгіштік (заттардың қасиеттерін бейнелей алу) қасиет тән.

Сезгіштік – психиканың ең бастапқы белгісі. Бұл организмнің сыртқы ортаны түйсіне алу қабілеті. Түйсік орталық жүйке жүйесі бар барлық жануарларда және адамдарда кездесетін қарапайым психикалық құбылыс. Психикалық әрекеттің даму жүйке жүйесінің дамуы мен шарттас. Ал жүйке жүйесі құрылысының күрделене түсуі психиканың күрделене түсуіне, оның жоғарғы формуласының пайда болуына жадай туғызады.

Тақырып 4. Ес психологиясының негізгі заңдылықтары.

Жоспар

1. Есте сақтаудың психологиялық заңдылығы және негізгі факторлары.
2. Еске қалдыруға, сақтауға материалдың сипаттамасының әсер етуі (көлемнің, біртектілік дәрежесінің, материал ұғынымдылығының рөлі).
3. Жаттығулардың рөлі. Эббингауз заңы. үйрену және ес, жаттығуларды уақыт бойынша бөлу.

Ес- деп, қоршаушы өмірдегі заттар мен құбылыстардың мида алғашқы із ретінде қалыптаса бастап белгілі бір уақыт ішінде сақтала отыра . кезінде қайтадан жаңғыртылуын айтамыз.

Ес-деп, қоршаушы өмірдегі заттар мен құбылыстардың адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс.

Ес-күрделі психикалық процестерге жатады. Ес- есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану, ұмыту секілді процестерден тұрады. Естің физиологиялық; негіздерін бір кезде И.П. Павловтың жүйке жүйесінің пластикалық қасиеті туралы ілімімен түсіндіретін. Жүйке жүйесінің пластикалылығы дегеніміз- түрлі козулардан қалған осерлердің қайтадан уақытша байланысқа түсе алу қабілеті. Уақытша байланыстардың тікелей тітіркендіргіштер әсер етпеген жағдайда мида жасальтуы онда бұрынғы байланыстардан із қалып отыратындығын көрсетеді. Өйткені адам есінің мимен қалайша байланысты екендігін жөнінде ғылымда әлі нақтылы деректер жоқ.

Мысалы; ес құбылысының табиғатын зерттеуші ғалымдардың тобы оны мидағы электр құбылыстарымен байланыстырса енді бір зерттеушілер есті мидың нейрхимиясына қарай түсіндіргісі келеді бакыпың өкілдері мидың кейбір клеткаларын (нейрондарын) бір сыдырғы зерттегенмен (мидан нуклейнді қышқылдар комплексінің табылуын) естің бүкілі ми массасынан алатын орнын әлі анықтай алмай келеді.

Бір нәрсені есте сақтау- оны байланыстыру деген сөз. Ес процесінің негізі болып табылатын байланыстарды психологияда ассоциация деп атайды.

Егер бұрын бірнеше объектіні бір мезгілде немесе бірінен соң бірін елестетсек, не ойласақ, бұлардың арасында байланыс пайда болады. Кейін объектін бірдеуін ғана елестетсек миымызда қалған бөлігін -тудыруға себеп болады. Ассоциациялық принципті алғаш рет ойлап тапқан ежелгі грек ойшылы Аристотель ассоциацияларды тек тікелей

елестетумен байланыстырып психикалық әрекеттің калған түрлерін түсіндіруге бұл принципті қолданбады.

Ғылымда тұңғыш рет ассоциация ілімін шартты рефлекс теориясымен дәлелдеген, осы негізде көптеген психикалық процестердің табиғатын түсінуге болатындығын көрсеткен ұлы орыс ғалымы И.П.Павлов болды. И.П.Павлов психологияда ассоциациялар деп аталатын құбылыс ми қабығында екі қозу процесінің қабаттасып келуі себепті пайда болып, сан рет қайталаудың нәтижесінде бекіп отыратын уақытша байланыстар екенін түсіндірді. “Ұлы ғалым бұл туралы былай деп жазды ” Уақытша нервтік байланыс жануарлар дүниесінде де , біздің өзімізде де байқалатын жан-жақты физиологиялық құбылыс . Сонымен қатар ол түрлі әрекеттерден, әсерлерден құрылса да немесе әріп, сөз, әлде ойдан құрылса да психикалық құбылыс болып табылады, оны психологтар ассоциация деп атайды.” Ассоциациялардың Аристотел заманынан белгілі үш түрі бар. Олар:

1. Іргелестік, аралас
2. Ұқсастық,
3. Қарама-қарсылық ассоциациялар.

Естің түрлері.

Ес адамның әр-алуан іс-әрекеттерімен байланысты болып , тіршілікте маңызды қызмет атқаратын болғандықтан , оның түрлерімен көріністері де әрқилы. Естің бөлінуі адамның түрлі әрекет ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіліп , олар есте қалдыру , қайта жаңғырту процестерімен тығыз ұштасады. Мысалы, адамда есту есі мен көру. есі психикалық қасиеттер ретінде көрінеді . Іс-әрекет сипаттарына орай, ес мынадай үш түрге негізделіп бөлінеді:

1. Психикалық белсенділік сипатына байланысты: қимыл-қозғалыс, эмоциялық сезімдік, бейнелі көрнекілік және сөздік-мағыналық (логикалық).
2. Іс-әрекеттің мақсат сипатына қарай: ерікті, еріксіз ес..
3. Адамды материалдарды қанша уақытқа дейін есте сақтай алатындығына қарай: қысқа және ұзақ мерзімді (түпкілікті), сондай-ақ оперативті ес.

Естің кейбір түрлері арнайы аспап-мнемометр арқылы өлшенеді.

Қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік ес.

Тақырып 5. Естің когнитивті психологиясы.

Жоспар

1. Ес информацияларды сақтау, қабылдау, трансформациялау ретінде.
2. Сенсорлық регистр. Иконикалық, эхоистік ес. Қайталаудың рөлі. Қысқа мерзімді ес.
3. Қысқа мерзімді естің құрылымы мен көлемі. Ұзақ мерзімді ес. Сана және қысқа мерзімді ес.
4. Ес процестерін деңгейлі ұйымдастыру. Құралдарды қолдану ес әрекетін ұйымдастыру принципі ретінде.
5. П.Жаненің есте қалдыру тарихи дамуда адамдар таңдаған ерекше әрекет ретінде айтқан түсініктері.

Қайта жаңғырту.

1. қайта жаңғырту -бұрын қабылдағандарды қалпына келтіру процесі. қайта жаңғырту еріксіз және арнайы қайта жаңғырту деп. екіге бөлінеді. Еріксіз есте қалдыруда адам алдына мақсат қоймайды . Мұны іс-әрекеттің барысы туғызып отырады. Арнайы қайта жаңғыртуда мақсат қоюмен , ерік күшін жұмсаумен арнаулы әдіс-тәсілдер қолданумен жүзеге асады.

Тану (қайта жаңғыртудың қарапайым түрі. Тану адамдардың қабылдау саласындағы ерекшеліктеріне қарай түрлі дәрежеде көрінеді. Мыс: біреу бір нәрсені қиналмай, тез және Толық таниды, екінші біреу мұны мүлде тани алмайтын болады, үшінші біреу шала таниды, ал төртінші біреу қате таниды. Объектіні дұрыс тану үшін адамның көзі төселіп үйренген болуы, өмір тәжірибесі мол, бақылағыш болуы шарт.

Ұмыту және оның түрлері.

Ұмыту процесі - есте қалдыру процесі не қарама-қарсы процесс, өмірге қажет емес нәрселерді ұмытып отыру адамның рухани дамуына көп көмегін тигізеді. Егерде адам қабылдаған нәрсенің барлығын есінде сақтай беретін болса, онда кез келген ұсақ түйектер мидың бір қалыпты жұмысын қиындатар еді. Ұмыту түрліше жағдайларда көрінуі мүмкін. Бірде ұмыту объектіні әдейілеп еске түсіруге не танула мүмкіншіліктің жоқтығынан пайда болса, енді бірде объектіні қате тану, не әдейілеп еске түсіре алмаудан болады. Материалды оқыған бойда он бір ден жаңғырту кейде қиынға түсіп, мазмұны толық берілмей қалатын кездері болады. Бірақ, бұлар екі үш күннен кейін тым тәуір байта жаңғыртылуы мүмкін. Осындай кеншігіп еске түсіруді психологияда реминисценция құбылысы деп. Атайды. Кешігіп еске түсіру көбінесе мектепке дейінгі балалар мен төменгі класс оқушыларында жиі кездеседі. Өйткені олар көлемі алкен, күрделі материалдарды бір ден толық айтып баруға шамалары келмейді де, ойларына келген жерлерін айта бермейді.

Ес саласындағы дара айырмашылықтар.

Ес дәрежесі бірдей адамды табу қиын. Біреу өлеңді жылдам жаттаса, екінші біреу санды жақсы жаттайды, үшінші біреу ұмытшақ, төртінші біреу көргенін есінде ұстағыш келеді, т.б. адамдар сон дай-ақ есінің дәлдігі жөнінен бір-бірінен ажыратылады. Естің дәлдігі- ешбір жаңылмай, ойдың тәртібін бұзбай, мағыналы түрде айта білу қабілеті.

Есі дәл адамдар материалды игеріп алудың жылдамдығы жөнінде де Алдана қарай салмайды. Жұрт бұларды зейінді, зерек адам дейді. Ал басқа біреулер, керісінше байта - байта оқыса да есіне түсіре алмай әуре болады. Адамдар еске қалдырудың ұзақ қысқалығымен де ажыратылады. Мұны кейде естің беріктігі деп. Те атайды. Мысалы: бір нәрсені жаттап алса, оны ұзақ бойына ұмытпайтын болады. Екінші біреу он тез ұмытады. Естің жақсы сапаларының бірі даярлығы. Естің қорынан кез келген уақытта қажет нәрсені миына токи алатын, есінің өресі кең адамдар да болады. Біреулер көзбен көргенді, енді біреулер құлағымен естігенді жақсы қалдырады.

Тақырып 6. Зейін теориясы және оның физиологиялық механизмдері

Жоспар

1. Зейінді аудару және белу: Зейінді әр түрлі әрекетке бөлетін қабілетті анықтайтын факторлар.

2. Еңбек іс-әрекетіндегі зейіннің аударылуы мен бөлінуі. Зейін және іс әрекет.

3. Іс-әрекеттің құрылымы және зейін. Зейіннің іс-әрекетті ұйымдастыру мен реттеудегі ролі.

4. Зейін әрекетті қадағалаушы ретінде (П.Я.Гальперин). Автоматты және саналы бақыланатын процестер. Зейіннің дамуы. Зейіннің даму сатылары, оларды анықтайтын факторлар.

Зейін - деп, адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады.

Зейін - деп, айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу.

Өз ойымен болып отырған адам қасында сөйлесіп отырған адамдардың сөздерін есітіп отырса да, ұғынбауы мүмкін. Егер, біздің зейініміз басқа бір затқа, нәрсеге аударылып отырса, сол сияқты бір жеріміздің де ауырғанында сезбеуімізде мүмкін.

Оқу жұмысында зейіннің маңызы, өте үлкен белгілі бір затқа зейін аударсақ, ол біздің санамыздан орын алады да, қалғандары нашар қабылданады яғни шетке қалып қояды.

Адамға тән әрекеттің кез-келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын. Орыс педагогикасының атасы К.О. Ушинский зейіннің маңызын былайша көрсетеді. Зейінді психикалық процестің тобына жатқызу дұрыс болмас еді, өйткені алам өз өмірінің әрбір моменттерін де бір нәрсені қабылдайды не есіне түсіреді, бір нәрсені қиялдайды, бір нәрсе жөнінде ойлайды. Ал зейін болса, өз алдына, бұлардай дербес кездеспейтін, қайта солармен бірлесіп келетін психикалық әрекеттің ерекше сипаты болып табылады.

Психикалық құбылыстар зейінге түрліше әсер етеді. Мыс: сезім зейінді күшейте түсуге, не оны бөліп жіберуге себепші болады. Мыс: бір объект жағымды сезім туғызып, зейінді күшейтеді де, ал көрші бөлмеден естілген ән-күй сабақ тыңдап отырған баланың зейінін төмендетеді. Ерік, ой, қиял процестері де зейінге түрліше әсер етіп отырады.

Зейіннің түрлері мыналар:

1. Ырықсыз зейін.
2. Ырықты зейін.
3. Үйреншікті зейін.

Ырықсыз зейін. Сыртқы дүниенің кез-келген объектілері кейде ырықсыз біздің назарымызды аударады.

Мыс: ауаның күркіреуі, ысқырық, мылтықтың дауысы, бояулы афиша т.б. Сонымен ырықсыз зейін дегеніміз - сананы объектіге, сол объектінің тітіргендіргіш ретіндегі ерекшелігі шамасынрада шоғырландыру. Тітіргендіргіштің өзін зейін объектісіне айналдырып жіберетін кейбір қасиеттерін қарастырайық: басқалардан күші басым тітіркендіргіш өзіне еріксіз зейін аударады.

Қызығу - ырықсыз зейін арқылы да болады. Мыс: қызыққан нәрсемізге зейініміз тез ауады. Қызықты кітап оқу үшін де.

Ырықсыз зейін кез-келген тітіргендіргіш арқылы пайда бола бермейді. Ырықсыз зейіннің көрінуіне төмендегі жағдайлар себеп болады:

Ырықты зейін - әрекетті саналы түрде белгілі бір ерік күшін жұмсау арқылы орындалады. Ырықты зейінде - белгілі бір мақсат көздеп, объектіге ерекше зер салуды қажет етеді.

Мектепте оқу ырықты зейінді қалыптастыруы керек. Ол үшін бастауыш кластарда оқушының әліне сай, оқуды қызықты, тартымды ұйымдастыру қажет, берілген тапсырманы орындап шығу табысы, баланы рахатқа бөлейді, ынтасын арттырады. Сонымен қатар сабақ кезінде бір әрекеттен екінші әрекетке тез ауыстырып отыру керек. Сонда бала тынығып қана қоймайды, баланың ырықты зейіні оянады.

Тақырып 7. Қабілет және дарындылық психологиясы

Жоспар

1. Қабілеттіліктің өлшемі — белгілі бір істің нәтижелі болып орындалуында.
2. Қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады.
3. Қабілет негізінен екіге бөлінеді.

Күнделікті сөзімізде "қабілет" деген атауды жиі қолданамыз. Мысалы: Мұғалім оқушысына мінездеме бере отырып, мына бала математикаға, мынау суретке, ал мынау музыкаға қабілетті деп жатады. Сол сияқты қоғамдық жұмыстарды атқару барысында да ұйымдастырушылық қабілетінің зор екендігі байқалады. Бұл мысалдардан әр адамның әрекеттің бір түріне икемділігін көрсететін дара ерекшеліктері.

Қандай болмасын әр нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды, ол біреуде күшті, екінші біреуде шамалы болып келуі мүмкін.

Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің /түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі, музыкалық саңылау т.б. қиыс келуін яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атайды .

Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің икемділік пен дағдының болуына байланысты болады. Мысалы: Оқушыда техникалық қабілеттің ойдағыдай дамуы үшін, техникалық конструкторлық құрылысын жақсы білуі оны тәжірибе жүзінде пайдалана алуы қажет. Баланың білімі тереңдеп, икемділігі артып, дағдысы көбейе түссе, оның қабілеті де ойдағыдай дамып отырады.

Оқу тәрбие процесінде қабілет білім, дағды, ептілік т.б. сияқты психологиялық ұғымдарды өз мәнінде түсіне алмау мұғалімдерді педагогикалық қателерге ұшыратуы мүмкін. Мысалы: 0-карточкасында /Суриков туралы/

Қабілет негізінен екіге бөлінеді.

1. Жалпы қабілет.
2. Арнаулы қабілет, болып.

Адамның ақыл - ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет жалпы қабілет деп аталады. Мысалы: Ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, зейінділік пен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық материалды тез есте қалдыра алу т.б. осы секілді ақыл-ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер жалпы қабілет болып табылады.

2. Іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті арнаулы қабілет деп атайды.

Бұған суретшінің, музыканттың актердің, спортшының, математик-ғалымның, ақын жазушының қабілеттерін жатқызуға болады.

Соңғы кездерде қабілеттің 3- түрлі де айтылып жүр, ол ұйымдастырғыштық, педагогтық, конструктивті-техникалық қабілет. ХІҮ-ХҮІ ғ-ң аралығы ғылымда "Қайта гүлдену дәуірі"-деп аталды. Сол кездерде Ф. Энгельстің берген сипаттамасында алысқа сапар

Тақырып 8. Темперамент және мінез.

Жоспар

1. Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын осындай қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды.
2. Мінез бітістері.
3. Типтік мінез бітістері. Мінезді тәрбиелеу жолдары.

Әрбір кісінің жеке басына тән дара өзгешеліктің бірі осы темперамент. Мұның шығу тегі-"красис" деген грек сөзін латынша-темпераментум дейді. Мұның мәні-заттардың мөлшер шамаластығы деген түсінікті береді.

Адамдардың арасындағы осындай айырмашылығының болуын денедегі сұйықтарға байланысты-деп алғаш дәлелденген грек дәрігері ғалымы Гиппократ болды. (б.ғ.д. 460-356) Олар: денені жыштытп тұратын қан. салқындататын - шырын. құрғататын - бауырдағы сары өт. дымқылдық беретін - қара өт.

Сөйтіп, Гиппократ және оның шәкірттері адамдағы темпераменттің әр түрлілігі организмдегі осы 4-түрлі сұйықтардың аз-көптігіне байланысты деп түсінген.

Мысал: организмде қанның пропорциясы басым болса - сангвиник, ал шырын басым болса - флегматик, қара өт басым болса - меланхолик, сары өт басым болса - холерик темпераменті деп атаған.

Сонымен темперамент дегеніміз - жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі.

Темперамент деп - әр адамның сезім көрінісінің, ойлау өрісінің және қимыл әрекетінің өту, сыртқы көріну жолын айтамыз. Темперамент адамның жалпы

- 1) қозғалысынан да (біреулер шапшаң қозғалады, тез қимылдайды, біреулер жай қимылдап, асықпай істейді).
- 2) Психиканың күші мен тереңдігінен де (біреу өжет, алғыр болса, екінші біреу керісінше сылбыр жігерсіз болады).
- 3) Адамның көңіл-күйінің ерекшелігінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз т.б.).
- 4) Эмоция сезімдерінен де (біреу сабырлы, екінші біреу күйгелек т.б.) жақсы байқалып отырады.

Қазіргі кезде темпераменттің 4-түрі туралы психологияда ерте замандардан бері қалыптасқан тарихи мәліметтер белгілі бір жүйеге келтірілді. Гиппократтан соң Римнің атақты дәрігері ғалымы Гален темпераменттің санын 13-ке жеткізді.

Гален организмде жылылық неғұрлым басым болса, ол адамдардың темпераменті күшті болатынын денесі салқын болса, темпераменті баяулайтынын айтады. Ал медицинада ғылымдарының өкілдері темперамент жанындағы ілімді ықшамдап, оның бұрынғы 4-типін сол күйінде қалдырады.

Неміс философы И. Кант 1798 жыл жарық көрген "Антропология" деген еңбегінде темпераменттің үш түріне психологиялық сипаттама беріп, оларды психологиялық қасиеттер - деп анықтады.

XIX-ғ. соңында неміс психологі В. Вундт темпераменттер адамның "жан дүниесі тебіреністерінің" күш қуаты мен жылдамдығының арақатынастарына тәуелді болады деп есептеді.

Тақырып 9. Жеке адамның эмоциялық еріктік сферасы. Эмоциялар Жоспар

1. Эмоциялық күйлердің сыртқы көріністері. Күрделі эмоциялардың түрлері мен ерекшеліктері.

2. Көңіл, аффект, құмарлық, стресс. Фрустрация.

3. Жеке адам уайымдарының субъективті құндылығына байланысты – альтруисттік, коммуникативтік, акизитивтік, гностикалық, гедонистік, практикалық, акизитивтік, гностикалық, эстетикалық, романтикалық.

4. Фундаменталды эмоциялардағы – қуану, танқалу, ұялу, ашулану, қорқу, т.б. сипаттамасы.

Адам өз қажеттілігіне байланысты алдына түрлі мақсаттар қояды. Сол мақсаттарды орындау үшін түрлі әдіс-амалдарды қарастырады. Бұл үшін қимыл-қозғалысқа түсіп отырады. Адамдардағы қимыл-қозғалыс есепсіз көп, оларды үлкен екі топқа бөледі:

1. Еріксіз қозғалыстар (көздің ашылып-жұмылуы, жөтелу, шашалу, түшкіру т.б.) яғни мақсат қойылмайтын қозғалыстар.
2. Ерікті, яғни мақсатты қозғалыстар. Мысалы, жерге түскен нәрсені көтеріп алу.

Ойланып істелетін, алға мақсат қояды қажет ететін, түрлі кедергілерді жеңе білуден көрінетін қимыл қозғалыстарды психологияда ерік амалдары немесе ерік деп атайды.

Сонымен, ерік дегеніміз - адамның өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере алуын айтамыз.

Адамның осындай психикалық әрекеті алдына қойған мақсатына байланысты түрлі ішкі және сыртқы кедергілерді жеңе білуінен байқалады. Мысалы: ұйқы басып төсектен тұрғымыз келмейді, бірақ сабаққа кешікпеу үшін тұру керек.

Ерік қоғамдық ерік процесінде пайда болып қалыптасқан. Тек еңбек ету арқылы ғана адам өзінің әр түрлі амалдарын, қимылдарын көрсетіп, түрлі қажеттіліктерін өтей алады.

Адамның еріктік қимылдары оның өмір сүріп отырған ортасының, яғни сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының әсер етуіне байланысты көрінеді

Еріктің физиологиялық негізін дәлелдегендер И.П. Павлов пен И.М. Сеченов болды. Еріктің физиологиялық механизмі мен қабығының рефлекстік табиғатына жатады.

Адамның еркі алдына мақсат қоюдан басталады. Мыс: орта мектепті бітірген оқушының алдындағы мақсаты арнаулы оқу орнына түсу. Оның алдына бұл мақсатты қоюына оның мәдени қажеті, білім алуға тырысуы себеп болады.

Адам осылай өзінің келешекте белгілі бағытта істейтін ісінің мәнін, жоспарын белгілейді. Мұны еріктік амалдың бастамасы-тілек немесе ниет деп атайды.

Тілек - келешекте істейтін ісіміздің ойға бекуі. Мыс: газетке мақала жазсам, домбыра тартып үйренсем т.б.

Осы тілекті жүзеге асыру үшін адам тиісті жоспар сызып, амал-айла, әдіс қарастырады.

"Жақсы ниет, жарым ырыс" деп халық тегін айтпаған. Қандай болмасын іс-әрекеттің жоспарын жасау - күрделі процесс. Ол адамның белгілі білімін, өмір тәжірибесін, ойының орамдылығын қажет етеді.

Мақсатқа жетудің жолдары белгіленіп, жоспар жасалғаннан кейін адамның тілегі оның нақтылы қалауына көшеді. Қалау- мақсаттың айқындығы, оған жеткізетін тиісті жоспардың жасалуы, ойдың бекемдігі.

Дегенмен, тілек те, қалау да өздігінен адамның ерік-жігерін толық көрсете алмайды. Өйткені бұлар кейде бір-біріне үйлесе алмай қайшы келіп отырады. Мыс: орта мектепті бітірген оқушы бірде педагогтың институтқа түсіп, мұғалім болып шыққысы келсе, бірде ауыл-шаруашылық маманы болғанды да қалайды. Бұл арада ол екі мамандықтың бірін қалауы керек, ол қайсысын қаларын білмей әуре-сарсаңға түседі. Міне, осындай да тілек пен қалаудың арасында үйлеспеушілік болады, мұны психологияда мативтер күресі дейді. Мұндай түрлі мативтердің ішінен ақылға қонымдысы- нақты жағдайға тура келетін біреуі жеңіп шығады, тек содан соң ғана адам тоқтамға келе алады.

Тақырып 10. Сезімнің түрлері.

Жоспар

1. Сезімдер мен эмоциялар туралы жалпы түсінік олардың қарым-қарсылық (полярылық) сапалары сезімдердің эквиваленттігі.

2. Жоғары сезімдерінің сипаттамасы.

3. Моральдік – жауапкершілік, адалдық, әділеттік ерлік, борыш т.б. интеллектуалдық – білімге құмарлық, жанашылдық, болжау т.б. эстетикалық – әсем нәрселерден ляззат алу, өмірдегі сұлулық пен әдемілікті көре білу, сымбатты, сұлу өмірге үйлесімді көріністерді тамашалау т.б.

Адам өзін қоршаған дүниені тек танып қана қоймайды, оған өзінің қатынасын да білдіріп отырады, ол бір нәрсені ұнатады, біреуді жақсы көреді, екінші біреуге салқын қарайды, яғни өз қажеттеріне қарай айналасына түрлі көңіл күйін білдіріп отырады.

Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам қажеттеріне сәйкес келу келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психологиялық процестің түрін сезім деп атайды.

Қажеттерін түрлі жағдайға байланысты түрліше өтелуі адамда көптеген ұнамды және ұнамсыз сезімдерді туғызып отырады. Мыс: абыржу, шошыну, наздану, жек көрушілік, іш пысу, зерігу т.б. бұлар сезім мен эмоцияның сан алуан түрлері. Сезімдер өте күрделі психикалық процестерінің бірі.

Сезімдер мен эмоциялардың бірнеше сапалық ерекшеліктері болады.

1. Қарама-қарсы, полярлық сапалар.

Мыс: сүйсіну - сүйсінбеу, көңілдену - қажу, шаттық - уайым.

1. Актив(қажырлы)және пассив(солғын) болып бөлінуінен көрінеді. Адамға күш беріп, әрекетке ұмтылдыратын, көтеріңкі сезімдер мен эмоцияларды стеникалық(грек сөзі - күшті), ал бұлардың баяу Түрін астеникалық (грек сөзі - әлсіз) деп атайды.

Біріншісіне: жауапкершілік, жолдастық, достық, айбаттылық т.б. жатса,

екіншісіне: уайым, енжарлық, көңілсіздік т.б. жатады.

3. Жігерлену және кернеуден босану немесе шешілу. Балда сезімдердің қарама - қарсы сапаларының бірі. Мыс: студенттердің емтиханнан өтуі, спортсменнің мәреге жетуі.

Шамадан тыс күшті тітіркендіргіштер адамда көбінесе қолайсыз эмоциялар туғызады.

Адам ылғи қинала берсе оның діңкесі құрып, берекесі кетеді.

Адамның осылайша шамадан тыс зорлануыш психологияда стресс дейді. (ағылшын сөзі - шамадан тыс зорлану). Стресс үш түрлі жағдайда байқалып отырады.

1. Мазасыздану кезеңі.
2. Зорлану кезеңі.
3. Титықтау кезеңі.

Эмоцияларды бірнеше топқа жіктеуге болады.

1. Жағымды, ұнамды эмоция. Мыс: қуаныш, сүйіспеншілік, көңіл қоштық т.б.
2. Жағымсыз, ұнамсыз эмоция. Мыс: қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үрейлену, үнісіздену т.б.

Бұлардан басқа эмоциялар қарапайым және күрделі болып та бөлінеді.

1. Қарапайым эмоциялар - адамның органикалық қажеттерінің өтелу - өтелмеуіне байланысты туып отырады.
2. Күрделі эмоцияларға: көңіл, эффект, құмарлық эмоциялар жатады.
 1. Көңіл. Адамның көңіліне айналасын қоршаған дүние әсер етіп отырады. Кейпіне қарап адамдарды шат, жайдарлы, жылы жүзді, ақжарқын, не көңілге кірмен кіру, ызалы, түсі суық т.б. деп ажыратылады.

Адамның қызметі жақсы жүріп жатса, ұжымы, ынтымақты болса отбасы жағдайы(жүріп жатса) жарасымды болса, көңілі де көтеріңкі болады. Көңілге адамның денсаулық жағдайы, жүйке жүйесінің ерекше әсер етеді. Сол сияқты адамның көптеген айналысып жүрген ісі оңға басса, немесе бір нәрсеге қолы жетсе(мысалы: жоғарғы оқу орнын бітірсе, диссертация қорғау т.б.) шат - шадымен күйге түседі.

Керісінше, адам ылғи да сәтсіздікке ұшырай берсе, көздеген мақсатына жете алмаса, жанын қоярға жер таба алмай қиналады. Мұндай кезде қабағы қатыңқы, ренішті күйде болады. Сондықтанда "Көңілсізден күлкі шықпас ", "Адам көңілден азады"-деген мақалдар тегін айтылмаған.

Ерік жігері күшті, рухани өмірінің мазмұны бай адамдар ауыр жағдайда да көңілді жүреді. Өз көңілін меңгере білу - Мүғалім үшін өте қажет. Егер мүғалім көңілсіз болса, оқушының оқу материалдарын меңгерулеріне қолайсыз әсер етеді. Әсіресе төменгі класс оқушылары мүғалімнің қас -қабағына қарап отыратыны белгілі.

2. Аффект. лат. жан ұшыру, күйіп - пісу .

Аффект дегеніміз_ қысқа уақытқа созылса да, бұрқ етіп қатты көрінетін эмоцияның түрі.

Мыс: зәре ұшу, қорқу, долылық, жан түршігу, қамығу, торығу т.б. Дені сау адамдарда болатын аффекттерді адамның жеке басының кемшілігі деп есептеу керек. Бұл адамның өзін еңгере алмауы, ерік тәрбиесінің кемістігі.

Ерік - жігері күшті адам мұндай ұшқалақтыққа, лепірмелікке бара бермейді. Ондай адам не істесе де ойланып істейді.

3. Құмарлық - адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын кошти, терең, тұрақты эмоция. Құмарлық өзінің қоғамдық мәнімен (сипатталады) бағаланады.

Ол екіге бөлінеді.

1. Ұнамды (ғылым мен өнерге еңбекке).
2. Ұнамсыз (дүние, бақ, ойын құмарлық).

1. Адамгершілік - моральдық
2. Эстетикалық
3. Интеллектік (ақыл - ой)

Адам мінез - құлқынан жиі көрінетін сезімдердің бірі адамгершілік сезімдер.

Адамгершілік немесе имандылық сезімдердің мазмұны да құрылымы да күрделі келеді.

Бұлар:

1. Қоғамдық мәнді сезімдер.
2. Жеке көңіл күйге байланысты сезімдер болып бөлінеді.

Тақырып 11. Мотивация психологиясы.

Жоспар

1. Қажеттілік мотивация үрдісінің негізі ретінде.
2. Мотивацияның биологиялық және әлеуметтік деңгейлерінің арақатынасы. Адам қажеттіліктерінің тарихи табиғаты.
3. Мотивацияның онтогенетикалық және жағдаяттық дамуы.
4. Мотив қажеттіліктердің затталуының нәтижесі ретінде.

Мотивация дегеніміз - әрекет етуге деген ынтаның жиынтығы болса, әлеуметтік нұсқаулар - адамдардың наным-сенімдері. Темперамент - адамның психикалық процестерінің динамикалық сипаттамасы.

Төртінші бөлігі басқару жүйесі болып табылады, көп жағдайда “мен” деген ұғымды білдіреді. “Мен” – жеке тұлғаның өзіндік сапа құрылымы, ол өзін-өзі реттеп отыруды іске асырады: іс-әрекетті күшейту немесе бәсеңсіту, өзін-өзі бақылау және іс-әрекет пен қылықты басқару, іс-әрекетті жоспарлап отыру, сонымен, өзін-өзі басқару жеке тұлғаның мақсаты ұйымдасқан өмірі мен қызметінде ерекше маңызы зор. Жеке тұлғаның құрылымы егер психикалық үрдістер мен қалыпты алып тастағанда толық болмай шығар еді.

Бұдан басқа, кейбір авторлар тұлға құрылымына ерік пен эмоция түсініктерін қосады. Психикалық құбылыстардың құрылымының психикалық процестерді, психикалық күйлерді және психикалық қасиеттерді бөліп көрсету керек. Психикалық процестер, өз кезегін танымдық еріктік, эмоционалдық, болып бөлінеді. Ерік пен эмоция өзіндік құбылыс ретінде психикалық, процестер шебінде қарастырылуға лайықты.

Алайда осы құбылыстарды тұлға құрылымы шебінде үшін де авторларда негіз бар. Мысалы, сезімдері жиі бағдары бар эмоцияның бір түрі, ал ерік қасиеттері қоғам болып табылатын адамның қылықтарын реттеуге қатысады. айтылғанның бәрі қарастырылып отырған мәселенің күрделі және тұлға мәселесінің кейбір аспектілеріне қатысты белгілі жетіспеушіліктердің болатындығын көрсетіп отыр. Көбірек келіспеушілік тудыратын мәселелері адам ұйымдасуы құрылымының иерархиясы, тұлғадағы биологиялық пен әлеуметтіліктің қатынасы.

Тақырып 12. Ерік психологиясы.

Жоспар

1. Еріктің мәнділігі. И.М.Сеченов ерік жайлы сананың әрекетшіл жағы ретінде.
2. Мотивтер еріктік процестің құрамында. Мотивтердің күресі. Еріктік күшею.
3. Еріктік актің құрылымы – жоспарлау және орындау. Шешімдердің орындалуы, моторлы компоненттер.
4. Н.А.Бернштейн қозғалыстың құрылуы туралы

Адам өз қажеттілігіне байланысты алдына түрлі мақсаттар қояды. Сол мақсаттарды орындау үшін түрлі әдіс-амалдарды қарастырады. Бұл үшін қимыл-

қозғалысқа түсіп отырады. Адамдардағы қимыл-қозғалыс есепсіз көп, оларды үлкен екі топқа бөледі:

3. Еріксіз қозғалыстар (көздің ашылып-жұмылуы, жөтелу, шашалу, түшкіру т.б.) яғни мақсат қойылмайтын қозғалыстар.
4. Ерікті, яғни мақсатты қозғалыстар. Мысалы, жерге түскен нәрсені көтеріп алу.

Ойланып істелетін, алға мақсат қоюды қажет ететін, түрлі кедергілерді жеңе білуден көрінетін қимыл қозғалыстарды психологияда ерік амалдары немесе ерік деп атайды.

Сонымен, ерік дегеніміз - адамның өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере алуын айтамыз.

Адамның осындай психикалық әрекеті алдына қойған мақсатына байланысты түрлі ішкі және сыртқы кедергілерді жеңе білуінен байқалады. Мысалы: ұйқы басып төсектен тұрғымыз келмейді, бірақ сабаққа кешікпеу үшін тұру керек.

Ерік қоғамдық ерік процесінде пайда болып қалыптасқан. Тек еңбек ету арқылы ғана адам өзінің әр түрлі амалдарын, қимылдарын көрсетіп, түрлі қажеттіліктерін өтей алады.

Адамның еріктік қимылдары оның өмір сүріп отырған ортасының, яғни сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының әсер етуіне байланысты көрінеді. Біз көп адамдардан "не тілесем соны істеймін" деген сөзді көп естиміз

Тақырып 13. Жеке адамның психологиялық құрылымы.

Жоспар

1. Жеке адам құрылымындағы негізгі блоктар. Жеке адамның бағыттылығы, мүмкіншілігі, мінез және басқару жүйесі.

2. Құрылымдағы қабілеттер, темперамент, мінез, ерік сапалары, эмициялар, мотивация.

3. Жеке адамның қызығулары мен қажеттіктері. Қызығушылардың түрлері. Материалдық және рухани қажеттіліктер.

“Жеке тұлға” және “Индивидуальность” Ресейлік психологтар көзқарастары бойынша бір-бірімен сәйкес келмейді. Сонымен қатар ресейлік психология ғылымында осы ұғымдардың байланысы жайында көптеген келіспеушіліктерде бар. Бұл ұғымдардың қайсысы кеңіре деген мәселелер төңірегінде мезгіл-мезгілімен ғылымда талас-тартыстар да туады. Бір көзқарас бойынша (Санкт-Петербургтық психологиялық мектеп өкілдерінің жұмыстарында көбірек көрсетілген) индивидуальдылықта оны басқаларға ұқсатпайтын өзіндегі биологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін байланыстырады немесе “индивидуальдылық” ұғымы осы позициямен “жеке тұлға” ұғымына қарағанда кеңірек түсіндіріледі. Тағы да бір көзқарастар бойынша (Москвалық психологиялық мектеп өкілдерінде көбірек кездестіруге болатын), “индивидуальдылық” ұғымы адам құрылымының құрылысындағы үлкен емес топтық біршама сапаларын біріктіруші ең тар мағына ретінде қарастырылады. Нақты тәсілдерді негізгісі “жеке тұлға” ұғымындағы адамның әлеуметтік қатынаасы мен байланысының қалыптасу бағытындағы әлеуметтік деңгейде көрінетін сапаларының барлығы болып табылады.

Сонымен қатар жеке тұлға қоғамдық қатынастар жүйесінің субъект ретінде ғана қарастырылмайды, ол адамның біртұтас интегративті, білім, сондай-ақ биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері бар психологиялық концепциялар қатары бар. Сондықтан арнайы жекелік сұрақ-жауаптар арқылы адамды толық зерттеуге болады. Бұндай айырмашылықтар адам жекелік құрылымының биологиялық пен әлеуметтілік байланысын қарастырудағы тәсілдер пікірлерінде ерекшеліктерімен келтірілген.

Биологиялық пен әлеуметтілік байланыс мәселесі жаңашыл психологияның негізгі мәселелерінің бірі. Психология ғылымының дамуы мен қалыптасу процесінде “психикалық”, “әлеуметтілік” және “биологиялық” ұғымдары арасындағы мүмкін болған байланыстардың барлығы қарастырылған. Психикалық даму биологиялыққа да әлеуметтілікке де тәуелсіз толық спонтанды процесс ретінде және тек биологиялық

немесе әлеуметтілік даму туындысы не индивидке олардың паралелді әрекетінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Психикалық дамудың спонтандылығы дәлелденетін концепция тобында, психикалық биологиялық пенді әлеуметтілікпен де ешқандай байланысы жоқ, толығымен өзінің ішкі заңдылықтарына бағынушы құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл концепцияда ең жақсы жағдайдағы адам құрылысына психикалық іс-әрекеттің “кең орны” роліне қойылған.

Биологиялық концепцияларда психикалық, организм дамуының сызықтық қызметі, осы даму соңымен бір қатар жүруі ретінде қарастырылады. Осы концепциялар позициясында психикалық процестің барлық ерекшеліктері, адамның жағдайы мен қасиеттері биологиялық құрылым ерекшеліктерінен анықталады, ал олардың дамуы биологиялық заңдылықтарға ерекше бағынышты.

Осыдан адам құрылысы дамуының ерекшеліктерін ескермейтін, жануарларды зерттеуде заңдылықтар жиі қолданылады. Бұл позициядағы соңғы көрініс, психикалық табиғаттағы өзіндік құбылыс ретінде болмайды деген қорытынды болып табылады, солай болғандықтан барлық психикалық құбылыстарды биологиялық (физиологиялық) түсіндірмелері мен түсіндіруге немесе көрсетуге болады. Тағы да бір айта кететін жайт, бұл көзқарас физиологтар арасында өте кең тарған. Мысалы, бұндай көзқарасты И.П.Павлов ұстанған.

Тақырып 14. XX ғасырдағы психологияның негізгі бағыттар.

Жоспар

1. Бұрынғы замандағы ойыншылдардың жеке адам белсенділігінің қайнар көзі және адам өмірінің мәні жөніндегі пікірлері З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясы.
2. Бихевиоризм. Гештальт психология.
3. А. Маслоудың өзін-өзі актуалды ету теориясы. Жеке адам дамуының кезеңдері туралы Э. Эриксонның концепциясы.

Ерте замандардан бастап адам баласының назары, ақыл-ойы өзінің маңындағы дүниенің сырын танып білуімен бірге, өз денесінің ішкі дүниесінің, ақыл-ойы мен іс-әрекетінің тіршілік бейнесінің құпия сырларын ашып білуге ұмтылған. Біздің дәуірімізге дейінгі бірнеше мыңдаған жылдар бұрын Шығыс елдері Мысыр мен Үндістанда, Қытай мен өзге елдерде, адам баласының мәдениеті өсіп, дамып, осы заманғы ғылыми білімнің бастапқы іргетасы қалана бастаған. Қоғамның дамуына қарай өндіріс күштері өсті, әлеуметтік өмірде таптар пайда болды. Алғашқы құл иеленушілік мемлект құрылды. Қоғамда адамдардың әр-қилы наным сенімдерге негізделген көз-қарастары пайда болды. Мұндай көзқарастар тек діни нанымдарға негізделіп қана қойған жоқ, адамның жан дүниесі жайлы табиғи – ғылыми көз қарастардың тууына себепші болды.

Ертедегі Шығыс елдерінде, сонан соң Ежелгі Грецияда адамның тәні мен жанының сырын білуге ден қойылды. Адам тіршілігінің негізі – қан айналуына ерекше мән берілді.

Ертедегі Қытай медицинасында (XIII ғ) денені басқарушы жүрек қызметі деп санап, ол ауа тектес нәрседен жаралған деді. Ол адамның физиологиялық тіршілігімен бірге психологиялық қызметінде реттеп отырады. Мұндай тіршілік адамның сөйлеу қабілетін оятып, ойын дамытады деген тұжырым жасады.

Ежелгі Үндістан дәрігерлері, “адамның психологиялық әрекетінің негізгі органы – жүрек оның атқаратын қызметі біртіндеп миға ауысады”- деген тұжырым жасады.

Б.ғ.д.VI ғасырда Үндістанда адамның жан дүниесі жайындағы діни нанымдарға негізделген Джайнизм мен буддизм бағыттары кеңінен тарады. Бұдан кейінгі кездерде Үндістанға философиялық мектептер жан туралы түсініктерді метафизикалық- әдептік мақсаттарды дәріптеуге пайдаланылады. Бұл бағыт келесі дәуірімізде түрлі жолға түсіп, жан дүниесінің сырын адамның даралық ерекшеліктеріне орай түрліше түсіндіреді.

Ерте дәуірдегі Қытай елдеріне кеңінен таралған философиялық - діни ой -пікір әйгілі ғұлама Конфуцийдің есімімен байланысты.

Онын іргесін өзі қалаған мектебі Конфуцияндық деп аталады. Конфуцийдің пікірінше “адамның білімі мен психологиялық сапалары – туа берілетін қасиет. Адам жаратылысынан қайырымды болып туады, бірақ оны жолдан тайдырып бұзатын-сыртқы орта. Сондықтан ол, адамның өз бойындағы сырттан әсер еткен зиянды қасиеттерден арылу үшін, адам өзі ішкі жан дүниесіне үңіліп ақыл-ойын дамыта түскені дұрыс” – дейді. Адамның тәнімен психикалық тіршілігінде қан айналу процесінің ерекше маңызды қызмет атқаратындығы туралы пайымдаулар келесі дәуірлерде Вавилон, Мысыр, Қытай мен Үндістанда, Ежелгі Шығыс елдерінде жалғасты.

Тақырып 15. Тұлғаның психологиялық қорғанысы. Тұлға дамуының қозғаушы күштері мен қайнар көздері.

Жоспар

1. Тұлғаның жүріс-тұрысын реттеудегі әлеуметтік нормалар, әлеуметтік бағдарлар, саналы қатынастар.

2. Тұлғаның өмірлік мақсаттары, жоспарлары, бағдарламалары мен стратегиялары. Тұлға балсенділігінің психологиясы. Тұлғаның жауапкершілігі мен инициативасы (К.А. Абульханова, А.В. Брушлинский, С.Л. Рубинштейн)

Психологиялық қорғаныс қызметі өзінің мән-мағынасы бойынша қарама-қарсы екі тарапты құбылыс: бір жағынан, ол адамды өзінің шын мәніндегі ішкі жан дүниелік болмысына сәйкестенуге ойыстырса, екінші жағынан, адамның қоршаған сыртқы әлеуметтік ортаға деген икемділігін кемітеді. (Р.М.Грановская) Психологияда көптен белгілі бітпеген іс-әсері деп аталатын құбылыс бар. Оның мәні - әрқандай кедергі нақты істі доғаруға себепші болады да, адам сол кедергіні жеңбегенше, әрекетін әрі жалғастырмайды не кедергіні жеңу жолдарын іздестіруден бас тартады. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша, бітпеген іс адамды әрдайым қимыл-әрекетке итермелейді, ал егер істі орныдаудың тікелей жолы табылмаса, ол сол іске тең болған баламалы басқа әрекетке кіріседі. Осыдан, мұндай психологиялық қорғанысты баламалы әрекеттердің арнайы ойластырылған формасы деп түсінсе де болады.

Қорғаныс механизмдері табысқа жетудің қалыпты шарттары мүмкін болмаған кезде немесе адам істің түбегейлі бітпейтінін сезген кезде әрекетке келеді. Психологиялық қорғаныстың түрлері: жоққа шығару, ығыстыру, көшіру, сәйкестендіру, жаңалау, ауыстыру, оқшаулау және т.б.

Жоққа шығару. Мұндай психологиялық қорғаныстың мәні: адамды қатерлендіріп, оны дау-дамайға соқтыруы мүмкін ақпарат еленбейді, қабылданбайды. Дау-дамай деп отырғанымыз жеке адамның жан-дүниелік көрсетпелеріне қайшы келіп, оның өз болмысына, абыройына, өзіндік бағасына қатер төндіретіндей сеп-түрткілердің пайда болуынан көрінетін қайшылықтар. Бұл қорғаныс әдісінде шындықты қабылдау көбіне бұрмалаумен сипатталады. Жоққа шығару қорғанысы бала жастан қалыптасып, көп жағдайда төңіректегі болмысқа сай объектив бағалауды шектейді, осыдан әрекет-қылықтағы кейбір келеңсіздіктер орын алады.

Ығыстыру – ішкі жан күйзелістерінен үйлесімсіз мотивтер не ұнамсыз ақпараттарды ойланып жатпастан, санадан шығарып тастау жолымен құтылудың ең әмбебап әдісі. Намысқа тию не өкпелеуден болған істің төркінін басқалардан, кейде тіпті өзіңнен де жасыру үшін өз әрекеттерінің жалған себептерін алға тартатын жағдай да болады. Шын, бірақ жағымсыз түрткілер әлеумет сенгендей, содан біршама ұятын жасыратындай жалған себептермен ығыстырылады. Бұл жағдайда жалған мотивтер өте қатерлі, себебі олар жеке бастың эгоистік мүдделерін ақтау үшін қоғамда қабылданған ресми дәлелдерді орынсыз пайдалануға итермелейді. Қызығы сол, адамның тез ұмытатыны – бақалардың оған істеген жамандығы емес, ал оның өзіне өзі не төңірегіндегілерге жасаған кесепаты.

Ығыстырылып, тез ұмыт болатын жәйттердің көбі басқаға істеген жамандық, қызғаншақтық, тұлға кемшіліктерінен болатын мінез олқылықтары. Өзіне жақпайтын, күйзеліске түсіретін ақпараттарды санасынан ығыстырайын деген адам сыңай көрсетіп, әлек болмайды, олар өзінен өзі естен шығып қалады.

Көшіру – адамның өзгелер қабылдамайтын өз басындағы мінез-қылық кемшіліктерін мойындағысы келмей, ойланып, толғанбастан басқа біреуге өткізе салудан болатын жаманшылық, өзінің ұрыншақтығын қарсыласына таңа салып, оны дау-дамайдың себепшісі етіп, көрсету әрекеті.

Сәйкестендіру – адамның өзі қолы жетпейтін, бірақ аңсаған, басқа біреудің жақсы әдет-қылықтарын иемденуі. Балалардың әлеуметік тәртіп пен игі этикалық өнегелерді игеруі осы әдіске негізделген. Мысалы, жас өспірім баланың әкесінің әрекеттерін ойланбастан қайталап, оның мақтау мадағына ұмтылуы осыдан. Жалпы мағынада, сәйкестендіру қорғанысы адамның өзінің әлсіз тараптарын жеңіп, сезім олқылықтарын толықтыру үшін үлгі, өнегелерге ойсыз еліктеп, мақсат – мұраттарды ешқандай ниетсіз-ақ арқау етуінен туындайды.

Жаңалау – адамның істеген келеңсіз әрекетін мойнына алса, өз қадірінің жоғалатынын түсінуден, болған оқиғаға байланысты ниеттері мен қылықтарын өтірік-шынды жанастырып дәлеледеуге тырысуы, мүмкіндіктері кемдігінен қолы жетпеген не жетпейтін заттардың объектив құндылығын өзінше кеміте салып, өз көңілін арбауы. Мысалы, баланың жегісі келіп тамсанып, бірақ қаншва тырысса да, қолы жетпеген тәтті жүзімді “ой, әлі піспеген, ащы ғой” деп қолын сілтей салуы.

Ауыстыру – адамның баста өз әліне қарамай, күрделі іске ұрынып, кейін бітпесін білген соң, оған деген әрекетін оңай жұмысқа бұра салуы. Осындай ауыстырудан қол жетпес қажеттіліктің орындалмауынан болған күйзеліс бәсеңдейді, бірақ ізгі мақсат адыра қалады. Өз алдына қойған, бірақ орындалуы мүмкін емес мақсатқа бағышталған әрекет іске аспаған жағдайда адам кез-келегін мәнсіз қимылға ауыса саладаы, осыдан көңіл-күйі жеңіл деп, үлкен күйзеліске түспейді. Кейде ауыстыру әрекеттерінен адамның бағыт-бағдары алғашқы нақ, мәнді істен, болымсыз, фантазиялық кейіпке де түсуі мүмкін.

Оқшаулау – адамға соққы болатын жәйттердің сана деңгейінен шегеріліп, басылуы. Мұндайда жағымсыз эмоциялар саналы, яғни әдейі оқшауландырылып, болған оқиға мен одан келетін әсерлер көңілег алынбайды, адам бұрын қандай да мәнге ие болағн оқиға немесе өз толғаныстарының шындығын іші сезіп тұрса да, оларды байқамайтындай кейіп көрестеді.

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебеннова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.
5. Л. С. Выготский - Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала психологиясы - ГПНТБ России - 2011 г.

7. Тәжірибе сабақтарының (семинар, зертханалық, студиялық, жеке) жоспары.

1 тақырып. Психологиялық ғылымдар және практиканың пәні мен міндеттер.

Жоспар

1. Ғылым психологиялық зерттеудің нәтижелері, олардың теориялық және колданбалы мәні.
2. Психологиялық білімдердің өздеріне тән ерекшеліктері.
3. Жануар мен адамдардың іс-әрекетіндегі психикалық бейнелеудің құрылым мен пайда болуы туралы ғылым ретінде.

Тапсырма:

1. Психология ғылымының қалыптасу кезеңдері қандай?

2.Р.Декарттың психологияға енгізген жаңалығы және ол сол кезеңдегі ғылымның дамуына қандай әсер етті?

3.Психология салалары қандай?

4. Топ екі – екіден бөлінеді.

Нұсқау: Еркін тақырып бойынша сұхбат алу мақсатында алдын ала сұрақтар дайындаңыз. Дайындалған сұрақтар арқылы бір - біріңізге сұхбат жүргізіңіз. Соңынан қорытынды жасаңыз.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.
5. Л. С. Выготский - Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала

Тақырып 2. Психомоторика жайлы түсінік. Әрекеттің қимыл құрамы.

Жоспар

1. Қимыл міндеттері, әрекетті орындау бағдарламасы; әрекетті үнемі коррекциялау; афферентті жүйенің ролі және күрделі қимыл актілерін реттеудегі кері сигнализация (Н.А. Бернштейн).

2. Кері афферентация мен "акцепторлік әрекет" туралы ұғым (П.К.Анохин).

3. Онтогенезде психомоториканың дамуы.

Тапсырма:

1. Егер араны қорапқа салып, ұясынан 20-30 км. қашықтыққа алып кетсе, ол жолды көрмесе де өз ұясына қайтып ұшып келеді. Бұл араның қандай қасиеті?

2. Күнбағыс күн сәулесімен бірге өзінің әуелгі бағытынан 180 градусқа бұрылады. Мұның себебі неліктен?

3. Құлын туысымен түрегеліп, жүріп кетеді. Адам баласының бірден мұндай қасиетке ие бола алмау себебі не?

4. Жануарлар психикасына байланысты жануарлар әлемінен мысалдар келтіріңіз.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.
5. Л. С. Выготский - Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала

Тақырып 3. Психиканың пайда болуы және эволюциясы.

Жоспар

1. Инстинкт түсінігі, жануарлар интеллектісі лоне үйрену.

2. Мінез-құлықтың рефлекторлық теориясы. Р.Декарттың еңбектеріндегі рефлекс туралы идеялар.

3. И.М.Сеченовтың Ч.Шерингтонның, И.П.Павловтың, П.КАнохиннің, Н.А. Бернштейннің еңбектеріндегі рефлекторлық теорияның дамуы.

Тапсырма:

1.Жануардың жеке ауыспалы, дағдылы әрекет-қылығының пайда болу себептері қандай?

2. Интеллекттік әрекеттердің ерекшеліктері неде?

3. Жануар мен адам психикасының айырмашылықтары неде?

4. Адам санасының дамуындағы еңбек пен тілдің маңызы қандай болды?

Әдебиеттер:

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.
5. Л. С. Выготский - Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала

Тақырып 4. Ес психологиясының негізгі заңдылықтары.

Жоспар

1. Ритмикалық, конфигурациялық және семантикалық топтау. Стимулды перцептивті ұйымдастыру: Жаттау тәсілінің еске, схемалар рөліне әсері.
2. Ұмыту және реминисценция. Уақыт аралығында естің өзгеруі.
3. Эббингаузының ұмыту қисығы және оның модификациясы. Ретроактивті және проактивті тежелу.
4. Ниеттерді ұмыту. Ұйымдаспаған ұмыту және ұмыту әрекет ретінде. Ұмыту теориялары.
5. Адам өміріндегі дағдыларды қалыптастыру рөлі. Дағдылар және ес. Үйрену заңдары.
6. Бихевиористердің дағдыны кимылдарды қарапайым байластыру нәтижесі ретінде механикалық түсінулері.

Тапсырма:

1. Есті әдетте «ақылдар қоймасы» деп сипаттайды. Осылай атау дұрыс па? Талдаңыз.
2. Оқушылардың оқу материалдарын қабылдағаннан кейін оларды естеріне тиянақты сақтауы үшін нендей талаптар қойылады?
3. Неліктен қысқа жазулар есте сақтаудың ең қолайлы жолы?

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 5. Естің когнитивті психологиясы.

Жоспар

1. Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясындағы ес мәселесі.
2. Есте қалдырудың жоғарғы функцияларын эксперименталды зерттеу. Ес және іс-әрекет.
3. Есте қалдырудың пәндік мазмұнына, бағытына, құрылымына, іс-әрекет мотивіне байланыстылығын экспериментті зерттеулер.
4. Естің жеке адамның маңызды өмірлік міндеттерді шешуіне қатысуы, оның мотивациялық сфераның динамикасымен, құлысымен шарттануы.

Тапсырма:

1. Оқушыларға есте сақтауға екі әңгіме ұсынылды, екі әңгіменің бірін келесі күні әңгімелеу керек екені, ал екіншісін ұзақ есте сақтау керектігі ескерілді. Бірнеше апта өткен соң жүргізілген сұрақнама бойынша ұзақ есте сақтауға тиісті әңгімені оқушылардың жақсы есте сақтағаны анықталды.
2. Бір актер күтпеген жерден өз досының рөліне ойнап, бір күн ішінде оның рөлін жаттап алуға тиіс болған; спектакль барысында ол рөлді бастан-аяқ білген, бірақ спектакльден соң барлық жаттағанын өзі айтқандай "жадынан өшіріп тастағандай" мүлде ұмытып қалған.
3. Жауапты бақылаудан соң кейбір оқушылар мұғалімнен өздеріне қиындық тудырған сөздің қалай жазылатынын анықтауға ұмтылады. Жауабын алған соң бұл сөзді жазғанда

енді ешқашан қиналмайтын болады, егер сөздің олай дұрыс жазылуын қатемен жұмыс кезіне қалдырса, онда нәтиже басқаша болады.

4. Сезімдік әсерге байланысты ес.

- қолыңызды 4 саусағыңызбен қағып, кейін одан келген сезімнің қалайша өшетініне мән беріңіз: қағу тоқтағаннан кейін де, болған қаққылауды байқаңыз;
- қалам не сұқ саусағыңызды көз алдыңызда оңды-солды жүргізсеңіз, қозғалған затқа оның бұлдыр сағымы ергенін байқайсыз. Осы құбылысты түсіндіріңіз.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 6. Зейін теориясы және оның физиологиялық механизмдері

Жоспар

1. Автоматты және саналы бақыланатын процестер. Зейіннің даму сатылары, оларды анықтайтын факторлар.
2. Зейіннің жоғарғы формаларының дамуы. Зейінді зерттеудің қолданбалы аспектілері.
3. Зейін барлық іс-әрекеттің маңызды шарты ретінде.
4. Адамның әр түрлі іс әрекетіне қолданылатын зейіннің әр түрлі қасиеттерін бағалау және ескеру.
5. Зейіннің дамуы, жас ерекшелігі факторлары. Шашыранқылық пен көңілдің аударылмауын жеңу.

Тапсырма:

1. Зейін болмаса саналы әрекет жасау мүмкін бе?
2. Оқушылардың сабақта зейінсіз болуына не әсер етуі мүмкін?
3. Зейіннің әрбір қасиетінің мазмұнын ашыңыз, адам өмірі мен әрекетіндегі маңызын көрсетіңіз, осы қасиеттердің көрінуі мен дамуына әсер ететін факторларды атаңыз.
4. Сабақтың әр бөлігінде назар аудартудың жолдары қандай (сұрақ қойғанда, жаңа материалды түсіндіргенде, өткен материалды бекіткенде)?

5. Берілген мысалдардан зейін сапасын анықтаңыз.

- Болат мұғалім сабақ түсіндіріп тұрғанда, сынып ішінде болып жатқан оқиғалардың бәрін көріп, біліп отырады.

- Алма кітап оқып отырған кезде басқа біреудің бөлмеге келуі, сөйлеген сөзі, теледидар дауысы ешқандай әсер етпейді. Өйткені оның зейіні айналысып отырған ісіне ауған.

- Бірде Еркін екеуміз қараңғыда келе жатыр едік, көшедегі электр шамы жарқ етіп жанды да қайта өшті. Мен тек бір адамның көлбеңдеген бейнесін байқап үлгердім. Ал Еркін сол адамның қолындағы мылтығын, жанында тұрған итін де, сонымен бірге бас киіміндегі жұлдызын да көріпті. Шындығында бізге жолыққан әскери адам екен.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 7. Қабілет және дарындылық психологиясы

Жоспар

1. Қабілеттіліктің өлшемі — белгілі бір істің нәтижелі болып орындалуында.

2. Қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады.

Тапсырма:

1. Берілген мысалдар қабілеттің қандай түріне жатады?

1) Қазіргі математиканың негізін салушы Гаусс үш жарым жасында әкесінің салық төлеу жөніндегі есебін көріп, соның қатесін шығарыпты. Ол өзінің ең басты жаңалықтарын негізінен 14 пен 17 жастың арасында ашыпты.

2) Академик Л. Ландау орта мектепті 13 жасында үздік бітіріп, он төрт жасында университеттің екінші курсына түседі.

3) Атақты музыкант Шопен он бір жасында үлкен концерт қоюға қатысқан.

2. Музыкалық нышаны бар баланы ән салуға, сурет салуға зердесі бар баланы сурет салғызып үйретпесе, табиғи мүмкіндіктері қандай деңгейде болады?

3. **Жақшадағы сөздер ішінен дұрыс жауапты таңдаңыз:** қабілеттер дамуының антомиялық – физиологиялық нәсілдік белгісі: (ептілік, дағды, дарын, нышан, талант).

4. Нақты іс әрекет аймағында өте жоғары деңгейге көтерілетін қабылет: (ептілік, шеберлік, дарындылық, нышан, талант).

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.

2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.

3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.

4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 8. Темперамент және мінез.

Жоспар

1. Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын осындай қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды.

2. Мінез бітістері. Типтік мінез бітістері. Мінезді тәрбиелеу жолдары.

Тапсырма:

Төмендегі мысалдарда оқушыларды жоғары жүйке қызметінің қандай типіне және темпераменттің қандай түріне жатқызуға болады?

1. Диасты сыныптастар арасынан бірден байқауға болады. Шапшаң. Ұшқалақ. Жолда кездескен қиындықтарды жеңуге даяр тұрады. Іске бар күш жігерімен кіріседі, кейіннен зауқы аумай қояды.

2. Сәуле сыныпта тәртіпті оқушылардың бірі. Тапсырманы ықыласты орындайды, бірақ тез шаршайды. Соның салдарынан жиі дем алуды қажет етеді. Сынып жетекшісі Сәуленің тез шаршайтынын туысқандарына айтып, уақытында дем алып отырса, жақсы оқуға қабілеті бар екендігін ескертті.

3. Сабырдың қимыл-қозғалысы баяу, «Мен» деп ұмтылмайды. Берілген жұмыстарға жауапты, бірақ ұзақ орындайды, аяғына дейін жеткізеді. Жаңалыққа құмар емес. Оқуға төзімді.

4. Жамал іске бар ықыласымен кіріседі, әуесқой. Ақыл-ойы белсенді. Жауапкершілікпен атқаратын жұмыстарға белсенді, қызбалыққа салынбайды, сергек, өзіне - өзі сенімді. Дербес ой - пікірі бар, мәнерлеп сөйлегенді ұнатады. Ешкімнің көмегіне сүйенбейді. Топ басшысы.

5. Асхат баяу қозғалады. Ұстамды. Күшін босқа сарп етпейді. Орнықты, шыдамды. Ойы анық, сөйлеген сөзі мазмұнды, өзін бірқалыпты, байсалды ұстайды.

6. Дина сылбыр. Сыныптастарымен көп араласа қоймайды, оңаша жүргенді қалайды. Ұсақ түйекке қатты мұңаяды. Музыкамен айналысқанды ұнатады.

7. Алма белсенді. Тез ашуланады, бірақ онысы көпке созылмайды. Сабақ үстінде үнемі қолын көтеріп отырады. Егер мұғалім қатты сөз айтса, ерегесетін мінезі бар. Сыныптағы жұмыстарға белсене араласады. Спорттық ойындарда алдына жан салмайды.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 9. Жеке адамның эмоциялық еріктік сферасы. Эмоциялар Жоспар

1. Эмоцияның жануарлар өмірінде және қоғамда дамуы.
2. Жеке адамның қасиеті ретінде эмоциялық калыптар түрлері. Эмоцияның сыртқы көріністері.
3. Ерік тіралы түсінік. Ерік амал және оның құрылымы.
4. Жеке адамның еріктік сапалары.

Тапсырма:

1. «Тұлға» анықтамасы қандай?
2. Жеке адам бағыт-бағдары дегеніміз не және оның пайда болу себептері неде?
3. Жеке адам деңгейіне көтерілуге себепші ықпалдар қандай?

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 10. Сезімдер түрлері.

Жоспар

1. Сезімдер мен эмоциялар туралы жалпы түсінік олардың қарым-қарсылық (полярилық) сапалары сезімдердің эквиваленттігі.
2. Жоғары сезімдерінің сипаттамасы.
3. Моральдік – жауапкершілік, адалдық, әділеттік ерлік, борыш т.б. интеллектуалдық – білімге құмарлық, жанашылдық, болжау т.б. эстетикалық – әсем нәрселерден ләззат алу, өмірдегі сұлулық пен әдемілікті көре білу, сымбатты, сұлу өмірге үйлесімді көріністерді тамашалау т.б.

Тапсырма:

1. Берілген үзіндіден Ақанның психологиялық және физиологиялық өзгерістерін түсіндіріңіз.
«...Құлагер аты межелі жерге келмегенін көрген Ақанның арқасынан мұздай тер шып-шып шықты. Кең жазық маңдайында бөрткен тер маржандай мөлдіреп, тынысы тарылып кешкі таза ауа жетпей барады. Аттың үстіндегі Ақан көзі қарауытып, теңселіп кетті. Түк көрмей, түк естімей, көзінің алды бұлдырап, тұнып барады...».
2. Эмоцияның бұл түрі қайдан пайда болған және бұл не деп аталады?
Кейбір адамдардың ашуланғаны соншалық тісін қайрап, беті бозарып көгереді, шашы үрпейіп, жұдырығын түйеді.
3. Біреулер қатты ашуланбаса да қызбалы, бір күйден екінші күйге аумалы келеді, бірақ сол адамның бұл қасиеті эмоцияның өзге түрлеріне қарағанда көпке созылады. Бұл эмоцияның қай түрі?
4. Әдебиеттерден адамның түрлі эмоциялық күйлерін сипаттайтын мысалдар келтіріңіз.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.

3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 11. Мотивация психологиясы.

Жоспар

1. Қажеттілік мотивация үрдісінің негізі ретінде.
2. Мотивацияның биологиялық және әлеуметтік деңгейлерінің арақатынасы. Адам қажеттіліктерінің тарихи табиғаты.
3. Мотивацияның онтогенетикалық және жағдаяттық дамуы.
4. Мотив қажеттіліктердің затталуының нәтижесі ретінде.

Тапсырма:

1. Өткен ғасырда француз оқымыстысы Кьюве Сібірден құндыздың екі баласын Париж қаласына әкеліп, оларды шарбақта өсіреді. Құндыз балалары бұрын өз өмірінде «бөгет жасауды» көрмесе де, сондағы ағаштарды тісімен кеміріп, бөгет жасайтын болыпты. Бұл құбылыс не деп аталады?

Тақырып 12. Ерік психологиясы.

Жоспар

1. Еріктің мәнділігі. И.М.Сеченов ерік жайлы сананың әрекетшіл жағы ретінде.
2. Мотивтер еріктік процестің құрамында. Мотивтердің күресі. Еріктік күшею.
3. Еріктік акттің құрылымы – жоспарлау және орындау. Шешімдердің орындалуы, моторлы компоненттер.
4. Н.А.Бернштейн қозғалыстың құрылуы туралы

Тапсырма:

1. Жақшадағы сөздер ішінен дұрыс жауапты таңдаңыз: Еріктік әрекетте бастапқы басқыштың негізгі міндеті – (талдау, талқылау, мақсат белгілеу, орындау, шешім қабылдау).
2. Басталмаған әртүрлі әрекеттердің арасынан қажеттісін таңдау кезеңінде болатын ерік құбылысы – (нәтиже талдау, мақсат белгілеу, ниет бағыштау, мотивтер күресі, шешімге келу).
3. Көзделген мақсат нәтижесінен соң келетін еріктік әрекет кезеңі қандай:
а) жоспарлау в) бағалау с) шешім қабылдау д) мақсат қою е) бақылау
4. «Көз қорқақ, қол батыр» мәтелінің мәнін түсіндіріңіз. Оның ерікке қандай қатысы бар?

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 13. Жеке адамның психологиялық құрылымы.

Жоспар

1. Мінез-құлық мотивтері мен бағыттылық туралы түсінік. Қызығулар.
2. Мазмұны, мақсаты, кендігі мен тұрақтығына байланысты қызығулардың классификациялары.
3. Сенімдер. Дүниетаным және мұрат.
4. Жеке адам мақсаттары мен талпыныс деңгейі.

Тапсырма:

1. Жеке адамның бағыт-бағдар формалары және олардың сипаттамалары қандай?
2. Жеке адамның психологиялық қорғаныс әдістері және олардың сипаттамасы қандай?

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.

3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 14. XX ғасырдағы психологияның негізгі бағыттар.

Жоспар

1. Бұрынғы замандағы ойыншылдардың жеке адам белсенділігінің қайнар көзі және адам өмірінің мәні жөніндегі пікірлері З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясы.
2. Бихевиоризм. Гештальт психология.
3. А. Маслоудың өзін-өзі актуалды ету теориясы.
4. Жеке адам дамуының кезеңдері туралы Э. Эриксонның концепциясы.

Тапсырма:

1. 19-20 ғасырлар тоғысындағы психология дағдарысының себептері неде?
2. Бихевиористер бағытының мән -мағынасы қандай факторлармен байланысты болды?
3. Генетикалық психологияның кемшіліктері қандай?
Әдебиеттер:
 1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
 2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
 3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
 4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

Тақырып 15. Тұлғаның психологиялық қорғанысы. Тұлға дамуының қозғаушы күштері мен қайнар көздері.

Жоспар

1. Тұлғаның жүріс-тұрысын реттеудегі әлеуметтік нормалар, әлеуметтік бағдарлар, саналы қатынастар.
2. Тұлғаның өмірлік мақсаттары, жоспарлары, бағдарламалары мен стратегиялары.
3. Тұлға балсенділігінің психологиясы.
4. Тұлғаның жауапкершілігі мен инициативасы (К.А. Абульханова, А.В. Брушлинский, С.Л. Рубинштейн)

Тапсырма:

1. Фрейдизм теориясы бойынша қоғам мен сана қатынасын түсіндіріңіз?
2. Гуманистік психология адам қажеттіліктерін қалай түсіндіреді?
3. Гештальт психологиясының мәні неде?

Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.
3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.

8. Өздік жұмыс тапсырмалары

Тақырып 1. Психологияда қалыптасқан бағыт-бағдарлар жүйесіндегі орны.

Тапсырма: берілген тақырып бойынша конспект жазу, сабаққа қатысу

Тақырып 2. Сана және өзіндік сана.

Тапсырма: берілген тақырып бойынша конспект жазу, сабаққа қатысу

Тақырып 3. Тілдесу психологиясы.

Тапсырма: берілген тақырып бойынша мазмұндау

Тақырып 4. Психология әдістері.

Тапсырма: берілген тақырып бойынша сабаққа қатысу

Тақырып 5. Адам психикасының жаратылыстану ғылымының негіздері.

Тапсырма: берілген тақырып бойынша конспект жазу, сабаққа қатысу

Тақырып 6. Мотивация және іс-әрекет.

Тақырып 7. Психологиялық ғылымының қалыптасуы.
 Тақырып 8. Ойлау және сөйлеудің генетикалық түбірі.
 Тақырып 9. Іс-әрекетті психологиялық талдау.
 Тақырып 10. Әлеуметтік жүріс-тұрыс тұлға белсенділігінің түрі ретінде.
Тапсырма: берілген тақырыптары бойынша баяндама жазу және қорғау
 Тақырып 11. Тұлға құрылымына деген негізгі келістердің сипаттамасы.
Тапсырма: берілген тақырып бойынша конспект жазу, сабаққа қатысу
 Тақырып 12. Тұлғаны зерттеу әдістері.

9. Пән бойынша курстық жұмыс қарастырылмаған.

10. Кеңес беру кестесі

№	Сабақ түрлері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1	Дәріс сұрақтары бойынша кеңес беру	15.00-16.00				
2	Тәжірибешілік сабақтардың сұрақтары бойынша кеңес беру		16.00-17.00			
3	Өздік жұмыс тапсырмалары бойынша кеңес беру			13.00-13.40		
4	Бақылау жұмыстары бойынша кеңес беру				15.00-15.40	

11. Студенттердің білімін тексреу

Дәріс және тәжірибешілік сабақтарға қатысу 0-100 балмен бағаланады.

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

№	Жұмыс түрі	Тапсырма тақырыбы	Әдебиеттер	Орындалу ұзақтығы	Бақылау формасы	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
1	Конспект	Психологияда қалыптасқан бағыт-бағдарлар жүйесіндегі орны		1-апта	Қорғау	3-апта
2	Конспект	Психология әдістері		2-апта	Қорғау	5-апта
3	Конспект	Ойлау және сөйлеудің генетикалық түбірі		1-апта	Қорғау	6-апта
4	Баяндама	Әлеуметтік жүріс-тұрыс тұлға белсенділігінің түрі ретінде		1-апта	қорғау	7-апта
3	Межелік	Тестілеу				8-апта

	бақылау					
4	Конспект	Тұлғаны зерттеу әдістері		2 апта		11-апта
5	Баяндама	Тұлға құрылымына деген негізгі келістердің сипаттамасы		2 апта		13-апта
7	Межелік бақылау	Тестілеу				15-апта

12. Студенттердің білімін бағалау критерийлері

Пәнді игеру барысы ауызша-жазбаша нысандағы емтиханмен аяқталады. Онда барлық өтілген материалдар, тақырыптар қамтылады. Емтиханға бағдарламадағы қарастырылған тақырыптар мен тапсырмаларды орындаған студент қана босатылады. Әрбір тапсырма 0-100 балдық көрсеткіш бойынша бағаланады.

Емтиханға босатылу рейтингісі ағымдағы барлық сабақтарда орындалған тапсырмалар бойынша алынған балдың орташа көрсеткіші бойынша шығарылады (дәріс сабақтарға қатысу, үй тапсырмасын орындау, өздік жұмыс тапсырмаларын орында, тәжірибешілік сабақтарға қатысу, межелік бақылаулар).

Пән бойынша студенттердің оқу жетістіктерінің деңгейі РД (рейтингілік босатылу балы) және қорытынды бағаның қосылуымен анықталады, яғни келесі формуламен орындалады:

$$Қ = БР * 0,6 + ҚБ * 0,4$$

Мұнда, Қ- қорытынды баға, БР-босату рейтингісі, ҚБ-қорытынды бақылау.

Студенттердің білімін анықтау көрсеткіші

Балл түріндегі қорытынды баға	Балдың сандық баламасы	Әріп жүйесі бойынша бағалау	Дәстүрлі жүйе бойынша қойылатын баға	
			Емтихан, дифф. сынақ	сынақ
1	2	3	4	5
95-100	4	A	өте жақсы	Есептелді
90-94	3,67	A-		
85-89	3,33	B+	Жақсы	
80-84	3,0	B	Жақсы	
75-79	2,67	B-	Жақсы	
70-74	2,33	C+	қанағаттанарлық	
65-69	2,0	C		
60-64	1,67	C-		
55-59	1,33	D+		
50-54	1,0	D		
0-49	0	F	қанағаттанарлықсыз	есептелмеді

Егер студент емтиханда F деген баға алса, оның қорытынды рейтингі анықталмайды. Ведомостьқа «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады. Егер пән бірнеше семестрде өтетін болса, онда балл түріндегі баға орташа есеппен қорытылады:

13. Оқытушы талаптары, саясаты және іс-шаралары

Жалпы психология пәні міндетті пән болып табылады. Оқу жүктемесінің көлемі 3 кредиттен тұрады, оның ішінде дәріс – 30 сағат, семинар (практикалық) сабақ – 15 сағат.

Пәннің талаптары: аудиториялық сабақтарға міндетті түрде қатысу, мәселелерді, сұрақтарды талқылауға белсене қатысу, семинар сабақтарына оқу-әдістемелік құрал және негізгі әдебиет бойынша алдын-ала дайындалу, СӨЖ тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау, бақылаудың барлық түріне қатысу (ағымдық бақылау, СӨЖ тапсырмалары, аралық бақылау, қорытынды бақылау).

Студенттердің білімін бағалауда аудиториялық сабақ барысындағы жауабының сапасымен қатар белсенділігі де ескеріледі.

14. Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев - Психология - 2011 ж.
2. Намазбаева, Ж. И. - Психология - ГПНТБ России - 2009 г.

Қосымша:

3. С. М. Илюсизова, Қ. М. Мұса - Ғылым психологиясы - ГПНТБ России - 2009 г.
4. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова - Арнайы психология - ГПНТБ России - 2011 г.
5. Л. С. Выготский - Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала психологиясы - ГПНТБ России - 2011 г.

15. Мультимедиялық сүйемелдеу

1. Базовые учебники по психологии + рефераты и дипломы [Электронный ресурс].-1 CD; 399 Мб.-(В помощь студенту) 1.Психология 802 - 1420 - д03 - психология - электронные учебники – рефераты - дипломы - CD - ред08 Хранение: Медиатека-1, МедиаМФ-1 б 88 б 88 Б17
2. Вопросы психологии и воспитания детей [Электронный ресурс]: для родителей, воспитателей и учителей.-М.:DELTA-ММ,2002.-1 CD;536 Мб.-(Ваш ребенок) 1.Психология - детская психология 582-1367 - воспитание - уход - эмоциональные потребности - антисоциальное поведение - детские тайны - сон - питание - игры -психические особенности - психология - детская психология -мироощущение ребенка - родителям- воспитателям - учителям -детским психологам - янв03 - CD - ред07 Хранение: Медиатека-1, МедиаМФ-1 б 88 б 88.8 В74
3. Загадки разума: энциклопедия: в 2 CD [Электронный ресурс].-Руссобит. CD 1.-2004.-1 CD; 685 Мб. 1.Психология - общая психология 2207 - психология - разум - интеллект - эмоции – память - интерактивные психологические эксперименты - CD - энциклопедия Хранение: Медиатека-1 б 88 б 88.3я2 3-14

4. Лекция по психологии [Видеозапись].-1 вк 1. Психология психология - н04 - видеокассета - лекция Хранение: Медиатека-1
б 88 б 88
247
5. Организация психологической службы в учебном заведении. Психотерапия [Видеозапись].-1 вк. Психология психология - с05 - видеокассета - психологическая служба - учебное заведение - психотерапия Хранение: Медиатека-1
б 88 б 88
354
6. Психологические тесты от Пси-Корпуса [Электронный ресурс].- М.: МедиаХауз, 2002.-1 CD; 18,1 Мб. 1. Психология 909 - 1373 - психология - тесты - семья - социум - взаимоотношения - личность - характер - здоровье - бизнес - CD - Хранение: Медиатека-1, МедиаМФ-1
7. Психологические тесты: CD.- (Практическая психология) 1. Психология тесты - характер - темперамент - коммуникативность - организаторские способности - интеллект коэффициент - питание - Хранение: Медиатека-1
б 88 б 88
552
8. Психология [Электронный ресурс].- 1 CD.- (Электронная библиотека ПГУ).- Журн.: The Canadian Journal of Psychiatry, 2004, Vol 49; Behavior and Philosophy, 2004, Vol. 32; текст англ;
БД ун-та Харбург. <http://www.tub.tu-harburg.de/1.Психология> психология - The Canadian Journal of Psychiatry - Behavior and Philosophy - CD - Харбург Хранение: Медиатека-1
б 88 б 88
1147
9. Психология успеха [Электронный ресурс]; бизнес-тренинг по искусству продаж.-2000.-1 CD; 244 Мб. .-1020.00 1. Психология 225 - 1374 - бизнес-тренинг - продажи - искусство продаж - торговля - психология - успех - CD - Хранение: Медиатека-1, МедиаМФ-1
б 88 б 88
П89
10. Самые популярные тесты [Электронный ресурс].- М.: БИЗНЕССОФТ, 2005.-1 CD; 276 Мб.- (Занимательные тесты) 1. Психология- CD - тесты - занимательная психология Хранение: Медиатека-1
б 88 б 88
1745
11. Тесты интеллекта [Электронный ресурс]; тренажер.- М.: Адепт, 2001.-1 CD; 230 Мб.- (Занимательная психология) Психология 555 - 1368 - тесты - психология - интеллект - тренажер - интерактивные тесты - способности - логическое мышление - CD - Хранение: Медиатека-1, МедиаМФ-1
б 88 б 88
Т36

12. Тесты профессиональные [Электронный ресурс].-М.:Адепт,2001.-1 CD; 201 Мб.-(Занимательная психология)1.Психология551 - 1372 - тесты - профессиональные тесты - общение - способности - темперамент - профессиональная пригодность - занимательная психология - CD - Хранение: Медиатека-1, МедиаМФ-1

б 88 б 88

Т36

13. Тренировка внимания [Электронный ресурс].-М.:Новый диск, 2006.-1 CD; 40,5 Мб.-(Спецподготовка)-550.00 1.Психология - психология - CD – внимание Хранение: Медиатека-1

88 88.3

1927